

Қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша Ерікті жасақтардың қызмет қағидалар туралы

Күшін жойған

Лебяжі аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 11 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 маусымда N 1894 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы N 33 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармақ 5 тармақшасына сәйкес және азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтауға қатыстыру мақсатында

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Учаскелік бөлімдер полициясы пункттері негізінде барлық меншік түрлерінің еңбек ұжымдары өкілдері, ұйымдар мен мекемелер, зейнеткерлер санатынан Ерікті жасақтар құрылсын.

2. Аудан әкімі жанынан қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша Ерікті жасақтардың аудандық штабы ұйымдастырылсын.

3. Қоса беріліп отырған қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша Ерікті жасақтардың қызмет қағидалар бекітілсін.

4. Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Қ.М.Садуақасовқа қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша Ерікті жасақтардың аудандық штабына құқықтық көмек көрсету ұсынылсын.

5. Осы шешім Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркеуден өткен уақытынан бастап 2 апта ішінде ресми жариялансын.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары В.В.Дубовицкийге жүктелсін.

А у д а н ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы

Келісілді:

Л е б я ж і а у д а н д ы қ і ш к і

істер бөлімінің басшысы

Аудан әкімінің 2003 жылғы 3 маусымдағы
"Қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша

Ерікті жасақтардың қызмет ережелері туралы"

N 11 шешімімен бекітілген

Лебяжі ауданының елді-мекендерінде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша Ерікті жасақтардың қызмет ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелері

1. Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі Ерікті жасақтар бөлімшелері құқық бұзушылардың алдын алу және ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғауға көмек көрсету үшін азаматтардың тұрғылықты жері бойынша барлық меншік түріндегі мекемелер мен ұйымдардың еңбек ұжымдарымен, оқу мекемелерінің әкімшілігімен құрылады.

2. Ерікті жасақтар бөлімшелері қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтардың өз еркі негізінде еңбек ұжымдары, мекемелер мен ұйымдар, оқу мекемелері әкімшіліктерінің ұсынысы бойынша азаматтардың жеке өтініші негізінде құрылады.

3. Жасақтың құрамына қабылдау туралы азаматтардың өтініштері қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша Ерікті жасақтар штабы басшысының атына жазылады (бұдан әрі аудандық штаб).

4. Жеке басы, қызмет және моральды қасиеттері бойынша жасақшыларға қойылатын талапқа сай болса, штаб басшысының бұйрығымен ерікті жасақтар құрамына алынады.

5. Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, оқу мекемелері Ерікті жасақтар бөлімшелеріне аудандық штаб басшысы жалпы басшылық етеді.

6. Аудандық Ерікті жасақтар штабы Ерікті жасақтар бөлімшелері мен ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау мәселелерін үйлестіреді.

7. Меншік түріне қарамастан барлық заңды тұлғалар және азаматтар жасақшыларға қоғамдық тәртіпті қорғау мен құқық бұзушылықтың алдын-алуда көмек көрсетуге құқылы.

2. Негізгі тапсырмалар мен міндеттері

8. Ерікті жасақшылардың ең негізгі тапсырмасы ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғауда көмек көрсету, атап айтқанда ішкі істер органдарының қызметкерлерімен көшелерде, алаңдарда, тұрғын үй кеңістігі мен басқа да, қоғамдық орындарда, сонымен қатар мәдени-массалық және спорттық-ойын сауық іс-шараларын өткізу кезінде патрульдеу, ішкі істер органдарының маскүнемдіктің, наркомания мен токсикоманияның, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалар бақылаусыздығының алдын алу бойынша жұмыстарына қатысу.

3. Жасақтар құрылымы және олардың жұмыс қағидасы

9. Ерікті жасақтар аудандық штаб пен жасақшылар бөлімшелері, мекемелер мен ұйымдар, оқу мекемелерінен құрылады.

10. Аудандық штабқа ішкі істер бөлімі басшысының қызмет бойынша орынбасары (О.Т.Мырзабаев) басшылық етеді.

11. Оқу мекемелері, кәсіпорындар мен ұйымдар Ерікті жасақтар бөлімшелерін штаб басшысы тағайындайтын және босататын командир б а с қ а р а д ы .

12. Аудандық штабтың басшысы келесі қызметтерді атқарады:

1) Ерікті жасақтардың ішкі істер органымен қызметі, қоғамдық тәртіпті қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзара іс-әрекет жасауды және үйлестіруді қамтамасыз етеді, Ерікті жасақтар бөлімшелерінің қызметін жинақтап, сараптайды, сонымен қатар жұмыстың нәтижелілігін арттыру бойынша шаралар қабылдайды;

2) Аудан әкімі мен ауданның ішкі істер бөлімінің басшысының атына құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қорғауды жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді, көтермелеу мәселелерін қарастырады.

13. Ерікті жасақтар бөлімшелерінің командирі келесі қызметтерді жүзеге а с ы р а д ы :

1) Ерікті жасақтарға басшылық жасайды;

2) Ерікті жасақтар мүшелерін таңдау, оқыту жүргізеді;

3) Ерікті жасақ мүшелерінің кезекшілік кестесін құрады;

4) Ерікті жасақтардың құқықтық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша міндеттерін орындауды ұйымдастырып, бақылайды;

5) Ерікті жасақтар бөлімшелерінің қызметін жетілдіру бойынша іс-шаралар д а й ы н д а п , қ а б ы л д а й д ы .

14. Кезекшілікті қабылдау алдында командир Ерікті жасақ мүшелері үшін аудандағы оралымды жағдай, олардың атқаратын мақсаты мен міндеті туралы н ұ с қ а у л ы қ ө т к і з е д і .

15. Аудандық штаб кемінде айына бір рет Ерікті жасақ қызметін сараптау олардың жұмысының нәтижелілігін арттыру бойынша шара қабылдау, басқа да мәселелерді талқылап, шешу үшін мәжіліс өткізеді.

4. Ерікті жасақ мүшелерінің құқығы мен міндеттері

16. Ерікті жасақ мүшелері:

1. қоғамдық тәртіпті қорғау мен құқық бұзушылықтың алдын алуда белсенді қ а т ы с у ғ а ;

2. Ерікті жасақтың командирі мен аудандық штаб басшысының нұсқаулары мен талаптарын орындауға міндетті.

17. Ерікті жасақ мүшелері:

1) Азаматтарға қоғамдық тәртіпті бұзуды тоқтату туралы талап пен үндеу

т а с т а у ғ а ;

2) Керек болған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлерімен құқық бұзушыны ішкі істер бөліміне немесе учаскелік бөлімге апаруға құқылы.

5. Көтермелеу, ескерту, жаза қолдану

18. Құқық бұзушылармен күреске белсенді қатысқан жасақшылар мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың құзыры шеңберінде көтермеленеді.

1) А л ғ ы с ж а р и я л а у ;

2) Ақшалы сыйлық немесе сыйлық беру;

19. Жасақшыларды көтермелеу туралы хабарлау ұйымдар мен мекемелер ұжымының жиынында салтанатты түрде өтіледі

6. Ерікті жасақтардың бөлімшелерін қорғау шаралары

20. Кезекшілік кезінде ерікті жасақтар бөлімшелерінің мүшелері жарақат алған кезде оларды емдеу Ерікті жасақтардың қызмет етуіне жергілікті бюджеттен қарастырылған қаржы есебінен төленеді.

7. Ерікті жасақтарды материалды-техникалық қамтамасыз ету

21. Ерікті жасақтарды басқа аумаққа орналастыру қызмет телефоның қолдану құқығымен учаскелік бөлімнің базасында жүргізіледі.